

В 2000-х годах школа была отремонтирована, и сейчас дети занимаются в ее просторных светлых классах. Построены детская площадка, больница, проложен водопровод, многофункциональный корт, на каждой улице имеются магазины. Построено новое почтовое отделение связи, оказывающее все виды почтовых услуг населению [1].

В 2015 году был открыт мемориальный памятник в честь 70-летия Дня Великой Победы, на котором были написаны имена ветеранов, воевавших в Великой Отечественной Войне [3].

Село Петровка славится спортсменами. К примеру, Павел Никифоров – пара-чемпион мира по армрестлингу 2020 года, имеются чемпионы Казахстана в этом виде спорта и призеры области по пауэрлифтингу, волейболу и другим видам спорта [1].

Интерес к родной земле не пропадет никогда. Все равно найдется, что-то новое или старое, что пополнит нашу историю, природу и душу.

Поколения сменяют друг друга, и каждое оставляет в памяти свою частичку бытия, из которых и складывается потом история – то, что делает нас причастными к судьбам родного края.

Пройдет еще немало лет, и мы, молодое поколение, станем историей, которую будут изучать наши внуки и правнуки. Именно мы с вами - настоящее и будущее страны, именно нам с вами писать новую страницу ее истории, именно от нас с вами зависит, что скажут о нашем времени потомки...

Список литературы:

1. Воспоминания местных жителей.
2. Библиотечные очерки с. Петровка «Из истории села».
3. Архивные данные из Петровской школы (школьный краеведческий музей)
4. Энциклопедия «Караганда. Карагандинская область». Автор Р.Н. Нургалиев. Издательство: Казахская советская энциклопедия.
5. Статья Н.А. Назарбаева "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания".

Қазақ қоғамындағы батырлар институтының билік мәселесіндегі рөлі

Карибаев Ж.С.

Ғылыми жетекшісі: п.ғ.м. Каконова М.М., г.ғ.м. Даирова М.К.

Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті

Қазіргі кезде «батыр» сөзінің этимологиясы туралы әртүрлі пікірлер айтылып жүр. Жалпы бұл мәселеге ең алғаш көңіл аударған Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Л. Костенко сынды революцияға дейінгі оқымыстылар «батыр» сөзі түркі – моңғолдың «баһадүр»,- batur, багадур, деген сөзден шыққан, негізгі мағынасы ер жүрек, батыл дегенді білдіретінін көрсеткен. Революциядан кейінгі авторлар да осы тұжырымды толықтыра түседі. Кенестік дәуірде жарық көрген кейбір сөздіктерде де «батыр» терминінің «batur» сөзінен шыққандығын және оның ел үшін жауымен сайысқан тарихи қаһарман, алып ер екендігі түсіндіріледі.

Еліміз егемендігін алғаннан кейінгі кезеңдегі зерттеушілер И. Ерофеева, А. Кушқумбаевтарда осы көзқарасты толықтайды. О.Сүлейменов өзінің белгілі «АЗиЯ» атты еңбегінде «батыр» сөзі – «буйтур», ботур, багатур деп талдау жасай келе, «буйтур» сөзіне «Буй-тағы, жабайы дегенді білдірсе, «тур» - өгіз, бұқа деген мағынада айтылады, осы екі сөз қосылып айбынды, күшті, бұқадай күшті дегенді білдірсе керек деген дәлелді тұжырым жасап өтеді. Қорқыт ата кітабында «Дерсе хан ұғлы Бұқаш хан туралы жырмен» түйіндес болып келеді. Бұл жырда басты кейіпкер Дерсе ханның құдайдан сұрап алған жалғыз ұлының күшті бұқамен айқасып, жеңіске жетіп, осының нәтижесінде азан шақырылып

қойылған аты өзгертіліп, бұқаны жеңген айбаты үшін Бұқаш деп өзгертілгені бізге жыр жолдарынан мәлім [1, 73 б.].

Батырлар институты – қазақтардың тарихи даму процесінде табиғи түрде көшпелі қазақ қоғамының қажеттілігінен туындап, қалыптасқан құрылым. Ол қазақ мемлекеттілігімен бірге жасасып, қалыптасқан, күрделі эволюциялық даму жолын бастан кешірген ерекше құбылыс. Батырлар институтының қалыптасуы, генезисі сонау ежелгі замандардан бастау алады. Батырлар институтын зерттеу деректік негіздерінің жеткіліксіздігіне байланысты тарихи деректердің өзіндік тобын батырлар жыры құрайды. Батырлар институтының бастау көзі, қалыптасу кезеңдерінің тарихи эволюциясы батырлар жырынан анық көрініс тапқан. Батырлар жырын талдай отырып, батырлардың әлеуметтік топ ретінде қалыптасу жолын көруге болады.

Жоғарыда келтірілген ғылыми фактілер батыр сөзінің төркіні түркі заманынан бастау алатының дәлелдесе, қазақтың ауызша жыраулық фольклорі – «батырлар жыры» - батырлық Евразия көшпелі әлемінде орта ғасырлық кезеңінде де кенінен қанат жайған құбылыс екендігін дәлелдейді. Батырлық көшпелі қоғамының ерекше әскери-саяси институты болды деп айтуға толық негіз бар [2, 536 б.].

XIII-XV ғасырлар арасындағы моңғол үстемдігі тұсында, қатаң әскери-әкімшілік жүйеде де батырлардың орны ерекше. Шыңғыс хан әулиеті кезеңінің өзара қырғысқа толы аумалы-төкпелі кезеңінде де мемлекет қорғаныс ісінде де батырдың ролі зор. Шыңғыс заманының өзі түгелдей бір жауапкершілік заманы болғандықтан – бұл кезең батырлар институтінің өзінше бір әлеуметтік топ ретінде дамуының белгілі-бір сатысы болып табылады.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлардың өздеріне тән арнамыс кодексі, жауынгерлік этикасы мен дәстүрі де қалыптасты. Олар ерлік пен ізгілікті мұрат тұтты. Нағыз батыр жүрегі ізгілік пен мейірімге толы, достыққа адал, сертке берік, елге тұтқа әрі пана бола білетін тұлға болды. Батырлардың рухани-моральдік бетбейнесі мен негізгі қызметін халқымыздың этномәдени жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастыруға тиіспіз. Батырлық қазақ қоғамында ежелден өмір салты ретінде қалыптасты. Әрбір жас жеткіншек батыр атағын иелену үшін сол әлеуметтік ортаның талаптарына сай болуы керектігін түсініп өсті. Батырлар жырында осы бір далалық салттың мәдени идеалы жасалған. Жырлардың көпшілігінде болашақ батырдың дүниеге келуінің өзі үлкен оқиға ретінде суреттеледі. Оның есімі де ерекше қойылады, өзіне лайық тұлпары, қару-жарағы, сүйікті жары, досы, қолдап-қоршап жүретін пірі болады [3, 11 б.].

XVIII ғасырда «батыр» сөзі екі түрлі мағынада қолданылған: біріншіден, батыр деп қарапайым халық арасынан шыққан – батыл, жауынгер, ержүрек адамды айтса, екіншіден жоғарғы тап, яғни хандар арасынан шыққан батырларды да атаған.

Жоғарыда айтып кеткеніміздей батырлар институты қоғамдық дамуында үлкен өзгерістерге ұшырап отырған. Ерте кезде батырлар белгілі бір руды, тайпаны басқарса, қоғамдық таптық жіктеліс туа келе батырлар феодалдана бастады. Осындай батырлардың әлеуметтік басымдылығы туралы Ш.Уәлиханов «Батыр қырғыздардағы ру басы, сұлтаннан кейінгі бірден-бір үлкен құрметті адамы, бұл ең беделді адам»-деп жазғанын Е.Бекмаханов өз еңбегінде айта келіп, XIX ғасырдың ортасына қарай қазақ байларының, сұлтандарының «батыр» деген атақты өз лауалымдарына қоса айтатынын жазған. Оған мысал, Есет батыр-би, Абылай ханның кейбір жағыдайда Абылай Баһадур хан деп аталуы. Қазақ қоғамындағы батырлардың жоғары шен екенін А.Семеновта дәлелдеп, -«жалпы қазақтарда но бес шен болған, соның ең жоғарғысы баһадур» деп жазады. Батыр шені мұрагерлікке қалмайды, ол жеке бастың батырлығымен келеді.

Көшпелі қоғам үрдісіндегі батырлар институты дегеніміз – халық арасынан шыққан әскери саяси институт. Бұл институттың халық арасында кеңінен қанат жаюы ең алдымен қазақ халқының төрт жағынан да үлкен қауіп ортасында орналасуы еді. Сол себепті де қазақ қоғамындағы батырлар институты жаудан қорғануда кәсіби дәрежеге жетті. Өзінің XVIII

ғасырдағы қазақ қоғамына тән классикалық үлгісіне дейін батырлар институты бірнеше сатыдан өткен:

1. Рулық құрылыс кезінде, тайпалардың әскер басы, көсемі болған.
2. Феодализм дәуірінде оларда феодалданып, қоғамдағы ақсүйектер табымен теңесе бастады.

3. XVII-XVIII ғасыр батырлар институтының гүлдену кезеңі. Яғни азақ-жонғар қатынастары кезеңі. Ұлт азаттық көтерілістің көптеп етек ала бастауы. Ал Қазақстан Ресей боданлығына енгеннен кейінгі кезеңде Батырлық өз мәнін жоғалта бастады.

Қоғамдық-саяси даму жағынан келгенде дәстүрлі қазақ қоғамы ішкі әлеуметтік топтардың ұйымдасу бірлігіне бейімделген еді. Бұл ретте әлеуметтік ұйытқы болған хан, сұлтан, би, рубасы ақсақалдар қатарында батырлардың да өзіндік орны бар. XVII-XVIII ғасырларда қазақ қоғамындағы ішкі және сыртқы факторлардың ықпалымен батырлар әлеуметтік саяси топ дәрежесіне жетілді, әрі, қалыптасу, күшею дәуірін бастан өткерді. Осы процесті М.Вяткин басқа түркі тілдес-өзбек, қырғыз, қарақалпақ халықтарында байқалмаған, тек дәстүрлі қазақ қоғамына тән құбылыс ретінде бағаланады. Бұл дұрыс көзқарас. Өйткені, Шыңғысхан жорығымен бірге тараған батыр термині басқа түркі тілдес халықтар мен кейбір еуропалық елдерде тек құрметті әскери атақ шеңберінен аса қойған жоқ. Ал, қазақтың кең байтақ даласындағы көшпелі өмір талабы батырлардың саяси, әлеуметтік статусқа дейін жетілуіне алып келді. Әсіресе, дүрбелеңге толы XVIII ғасырдың басы елдің саяси аренасында және ішкі әлеуметтік өмірінде батырлардың үстем түсуімен ерекшеленеді. Тарихшы-ғалым Н.Г.Аполлова «1710 жылғы Қарақұм құрылтайы ел басына түскен ауыр жағыдайға байланысты батырлардың басым түскен жиыны болды» деді. Ең алдымен XVII ғасыр мен XVIII ғасырдағы дәстүрлі қазақ қоғамының саяси тарихына тән ерекшеліктер басты ықпал етті. Тынымсыз сыртқы жаугершілік соғыстар, көршілес елдердің агрессиялық саясатынан қорғану, ішкі тартыста ел бірлігін сақтап, ыдыратпау тәрізді күрделі мәселелердің қайнаған ортасында батырлар жүрді, шешуші роль атқарды. Сол себепті батырлардың мүддесімен дала элиталары –«ақсүйек» (хан, сұлтан, кожа) және «қарасүйек» (би, рубасы-ақсақал) өкілдері үнемі санасып отыруға мәжбүр болған. Көшпелі қоғам өмірінің негізгі тіршілік көздері әскери кәсіпке де тәуелді. Оның тетігі жоғарылығы күрделі мәселелермен біте-қайнасып жатқандықтан батырлардың қызметіне деген сұраныс өте жоғары болды. Бұл барып, түрлі әлеуметтік топтардың ішінен батырлардың бірте-бірте институтциялануына алып келді. Батырлардың әлеуметтік сипатындағы ерекшелік осында. Мәселен би төре, төре би бола алмайды. Бірақ екеуі де жау жүректілігімен қоса ақылдылығымен батыр атана алады және айрықша құрметке бөлене түсті. Қазақ тарихында ел билеген ақсүйек-сұлтандар өз алдына, қарапайым халық ішінен би де батыр да бола алған тұлғалар көп. Бірқатар зерттеушілердің батырлардың әлеуметтік сипатына күмән келтіруі де сол себептен болуы керек. Әлеуметтік деңгейге жете қоймаған, тұрмыстық термин ретінде бағалағандар да жоқ емес. [4, 175 б.]

Қоғамдық даму мен бірге кемелдену процесінен өткен батырлардың азаматтық істерге араласуын әлеуметтік сипатының бір қыры ретінде қарастырсақ негізгі қыры, ең басты ерекшелігі дәстүрлі қоғамда олар тек әскери тәртіппен айналысты, қазақ хандығында тұрақты армия болмағанмен, күнделікті ас ішкенмен бірдей соғыс оты тұтанғанда, әр ру, әр тайпа, әр ұлыстың батырлары өз жасақтарымен бірігіп жауға соққы берудің жолдарын қарастырды. Соғыс тәсілдерін ұйымдастыру, қалың қолға басшылық жасау батырлардың міндетіне жатты. Ж.Артықбаевтың пікіріне ие артсақ, белгілі-белгілі батырлардың әрбіреуінде жасақ саны он мыңнан асып жығылған. Жалынды ақын, жаужүрек батыр Махамбеттің «сан шерулі қол болса батырлар болар ағасын» деген зерделі сөзі ойға оралады. Әсіресе жүз жылдан астам уақытқа созылған қазақ-жонғар батырларының қоғамдық-әлеуметтік қызметін шындай бекіте түсті. Тарихта үлгілі іс-әрекеттерімен қалған батырларды тізіп жату мүмкін емес. Оларды талай-талай ақын жыраулар өз шығармашылығына арқау қылғанын білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- [1] Даутбекова М. Қазақ қоғамындағы батырлар институтының тарихи бастаулары //10 лет независимости Казахстана. – А., 2001. – Т.2. –73 б.
- [2] Тілепов Б. ХҮ-ХҮІІІ ғғ. Қазақ мемлекетінің саяси құрылымы және билік институттары//Қазақтың ата заңдары Құжаттар, деректер және зерттеулер– Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 2 Т. – 536 б.
- [3] Тоғысбайұлы Б. Еңсегей бойлы Ер Есім: Есім хан туралы деректер // Парасат. – 2004. - № 6 – 11 б.
- [4] Құлтаева А.Ж. ХҮІІІ ғ. қазақ қоғамы және билер институтының зерттелуі //М.Х.Дулати атынд. ТарМУ хабаршысы. Табиғатты пайдалану және антропосфера мәселелері– 2005. - № 1. – 175 б.

Тыңайған жерлерді игеру даму салдары

Касимов А. К.

Ғылыми жетекші: т.ғ.д., доцент Р.С.Буктуғутова
А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті

Тың және тыңайған жерлерді жаппай игеру тақырыбы Кеңестік тарихи әдебиетте кең орын алды. Әсіресе ірі монографиялық зерттеулер, ұжымдық еңбектер, ғылымипрактикалық конференциялар, мерекелік салтанаттар көбейді. Осы проблема жөнінде көптеген кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды. Сонымен бірге көркем әдебиет пен кинематография да оған көп көңіл аударды. Бір сөзбен айтқанда, елдің бәрі даңғаза, құрғақ сөзге әуес бола бастады. Тың жерлерді жаппай игеру тарихын зерттеу алғашқы қазықтар қағылған елуінші жылдардың орта кезінен басталады. Содан он жыл өткеннен кейін тың туралы алғашқы тарихи әдеби шолу пайда болды [1, 13 б.]. Кейін А.Т. Шукеева Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, PhD докторанты Қ.Қ. Абуев Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, т. ғ. докторы, профессор Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеруді зерттеудің кейбір мәселелері әрбір бес жылдан соң осындай еңбектер шығып отырған [2, 18-22 б.]. Оларға тән бір жағдай бұл еңбектер тарихи-партиялық тұрғыда жазылған. Зерттеушілердің айтуы бойынша, 60- шы жылдардың орта кезіне дейін негізінен брошюралар, мақалалар көп жазылған. Олардың ғылыми дәрежесіне онша көп көңіл бөлінбеген [2, 18-22 б.]. 60-жылдардың екінші жартысынан кейін «Тың эпопеясының» жаңа тарихи дәуірі басталды.

Одақ ведомстволары қабылдаған «Елімізде астық өндіруді одан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулы бойынша Қазақстанның солтүстік аудандарында, Сібірде, Оралда және Солтүстік Кавказда дәнді дақылдар егуді шұғыл арада арттыру туралы шешім шығарылды. Жаңа жерлерді игеру есебінен 1954-1955 жылдарда 13 млн гектар жер жыртылып, 1955 жылы одан 1100-1200 млн пұт астық алу жоспарланды. КСРО-да тың көтеруге байланысты белгіленген тапсырма 1954 жылғы тамыздың басына қарай орындалды: 13,4 млн гектар жер немесе жоспар бойынша 103,2%, оның ішінде Қазақстанда 6,5 млн гектардан аса тың жер жыртылды. Тамызда «Астық өндіруді молайту үшін тың және тыңайған жерлерді одан әрі қарай игеру туралы» жаңа қаулы қабылданды. Онда 1956 жылы тың жерлердегі дәнді дақылдар егуге арналған аудан көлемін 28-30 млн гектарға дейін жеткізу міндеті қойылды[3, 109 б.]. Ғалымдардың тың жерлерді осыншама кең көлемде игеру өзін-өзі ақтамайтындығы туралы пікірлерін ешкім есепке алмады. 1955 жылы тың жерлерде жоспарланған 7,5 млн гектардың орнына 9,4 млн гектар жер жыртылды[4, 103 б.]. Тың жерлерді игерудің басым көпшілігі негізінен Қазақстанның солтүстігіндегі алты облыста - Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Торғай және Павлодар облыстарында жүзеге асырылды. Республика еңбекшілерінің алдында 6,3 млн гектар тың және тыңайған жерді игеру арқылы дәнді дақылдар өнімін арттыру міндеті тұрды. Партия комитеттерінің қысымымен жалпы жиындарда жоғарылатылған